

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу;</li> <li>- тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру</li> </ul>	
Менің Қазақстаным	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу;</li> <li>- «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдын-ала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату.</li> </ul>	29.08
Алтын сақа	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу;</li> <li>- «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру;</li> <li>- «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату;</li> <li>- асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу;</li> <li>- асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.</li> </ul>	31.08